

Ветеринариялық карантинді алу және "Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округінің Шыңғыстай, Жаңа Үлгі ауылдарында карантин белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 3 шешімін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 4 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35 - бабының 2 - тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 – бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 46 – бабы 2 - тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Катонқарағай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2023 жылғы 07 сәуірдегі № 125 ұсынысына сәйкес, Катонқарағай ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі Шыңғыстай, Жаңа Үлгі ауылдарының аумағында мүйізді ұсақ малдарының қой күлі ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген карантин алынсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округінің Шыңғыстай, Жаңа Үлгі ауылдарында карантин белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 3 шешімі жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Катонқарағай ауылдық округінің әкімі

К. Нурканов